

8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау» бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбындағы Таш Мехметтің диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірің сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы мемлекеттік бағдарламалар мен ғылымды дамытудың басым бағыттарына толықтай сәйкес келеді. Диссертациялық зерттеу келесі мемлекеттік және стратегиялық құжаттарға негізделеді: • Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде сәйкестігі: Диссертация Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Ғылым туралы» Заңы және Қазақстан Республикасының жоғары және орта білім беру жүйесін жетілдіруге бағытталған басқа да құжаттар аясында орындалған. Зерттеу коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау қажеттілігіне негізделген. • Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы; • 100 нақты қадам. Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы. «Білімді ұлт» сапалы білім беру ұлттық жобасы; • ҚР мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023- 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы № 249 ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы қаулысы. • ҚР жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы/ҚР Үкіметінің №248 2023 жылдың 28 наурыздағы қаулысы/. • 2021 – 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобаны бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы, №728 қаулысы Зерттеудің өзектілігі Жаһандану дәуірінде «Коллаборативтік орта жағдайында

			бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбы аясында жоғары оқу орындарында кәсіби дайындықтың жаңа үлгісін қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесін жаңғыртудағы өзекті бағыттардың бірі болып табылады. Бұл бағыт еңбек нарығының сұранысына сай, кәсіпкерлік ойлауға бейім, икемді және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау қажеттілігімен тікелей байланысты. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында студенттердің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеруі, кәсіби құзыреттілігі, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын дамыту, өзін-өзі жетілдіруге дайын болуы – білім беру сапасының негізгі көрсеткіштері ретінде нақты көрсетілген. Осы тұрғыда, кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау үдерісінде коллаборативтік ортаны тиімді пайдалану – болашақ мамандардың цифрлық құзыреттілігін, кәсіби дербестігі мен бастамашылдығын арттырудың маңызды тетігі ретінде қарастырылады. Таш Мехметтің диссертациялық зерттеуі Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» ғылымды дамытудың басым бағытына толық сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбы Алматы қаласының «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен тығыз ынтымақтастықта орындалған және Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді «Қазақстан – 2050» стратегиясына, сондай-ақ жоғары білім мен ғылымды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен заңнамалық актілерге толықтай сай келеді. Бұл зерттеу жұмысының ғылыми-тәжірибелік құндылығы мен білім беру жүйесіне енгізу әлеуеті жоғары деп бағаланады.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс <u>ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаған</u> .	Зерттеу барысында алынған ғылыми-практикалық нәтижелер педагогика ғылымының дамуына елеулі үлесін қосады. Автор ұсынған кәсіпкерлікке даярлау моделі мен әдістемесі коллаборативтік ортада студенттердің белсенділігін, кәсіби дамуын және тәжірибелік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

			Кәсіпкерлікке кәсіби даярлау үдерісін коллаборативтік орта жағдайында жүзеге асырудың теориялық және әдіснамалық негіздері алғаш рет ашылған; – «Кәсіпкерлік қызмет» ұғымының мазмұны кеңейтіліп, оның білім беру жүйесіндегі рөлі айқындалған; – Коллаборативтік орта негізінде бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған Зерттеу нәтижелері қазіргі кәсіби білім беру жүйесіне сай келетін, тәжірибеге бағытталған жаңаша шешім ретінде танылуға лайық.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Докторант диссертациялық жұмысты толықтай өз бетінше орындаған. Зерттеуде ғылыми мәліметтер нақты беріледі, ал авторлық талдау мен тұжырымдар ой үйлесімділігімен және тілдік сауаттылығымен ерекшеленеді. Ғылыми еңбектерге жүргізілген шолу дәйектілікпен орындалып, алынған деректерге негізделген өзіндік пайымдар сәтті ұсынылған. Автордың жұмысты өз қолымен жазу деңгейі жоғары ғылыми мәдениеттің үлгісін көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Заман ағымына сай білім беру үдерісінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру – басты міндеттердің бірі. Жоғары оқу орнындағы даярлық жүйесінде студенттердің белсенділігі мен кәсіби бағыттылығы олардың кәсіпкерлікке бейімділігімен және нақты әрекетке дайындығымен бағаланады. Коллаборативтік оқыту – кәсіби дағдыларды дамытуға, өзіндік шешім қабылдай алу мен жауапкершілікті сезінуге жол ашатын тиімді құрал. Осы тұрғыдан алғанда зерттеу жұмысы коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың ғылыми-әдістемелік негізін жасап ұсынуымен өзектілігін байқатады. Студенттердің кәсіби әлеуетін арттыруға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді айқындау мен оларды оқыту тәжірибесіне енгізу қажеттілігі туындайды. Жұмыс – жоғары оқу орнында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориясы мен әдістемесін тұтастай қарастырған кешенді зерттеу. Бұл зерттеу тақырыбының өзектілігін толық негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация	Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбын толық әрі жан-жақты ашып

	тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u>; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	көрсетеді. Жұмыс құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, олардың ішкі тармақтарынан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Жетекші идеясы мен мазмұндық бірлігі диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі мен логикалық тұтастығын нақты әрі жүйелі түрде айқындайды.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның тақырыбына мақсаты мен міндеттері толық сәйкес келеді. Зерттеу мақсаты – коллаборативтік орта жағдайында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориялық-әдістемелік негіздерін айқындау, әдістемесін әзірлеу және оны тәжірибелік-эксперименттік жолмен сынақтан өткізу. Мақсатқа жету үшін қойылған міндеттер диссертацияның мазмұнында төмендегідей көрініс табады: коллаборативтік орта жағдайында бакалаврды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың ғылыми негіздерін зерттеу және «кәсіпкерлік қызмет» және «коллаборативтік орта» ұғымдарының мәнін талдау - бірінші бөлімде қарастырылған; – коллаборативтік орта жағдайында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау - екінші бөлімде қамтылған; – коллаборативтік орта жағдайында бакалавр студенттерді кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың авторлық әдістемесін жасап, оның тиімділігін педагогикалық тәжірибелік-эксперимент барысында тексеру міндеті үшінші бөлімде жүзеге асырылған.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен мазмұндық құрылымы ұсынған ғылыми нәтижелермен өзара толық байланыста орындалған. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдей отырып, қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес келеді. Диссертацияда алынған ғылыми-тәжірибелік қорытындылар мазмұндық тұтастығымен, логикалық бірізділігімен және жетекші идеяның жүйелі жүзеге асуымен ерекшеленеді.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми шешімдер бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып, сыни тұрғыда талданған. Зерттеудің теориялық негізін құрайтын бірінші бөлімде кәсіпкерлік қызмет пен коллаборативтік

		салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	оқытуға қатысты отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, автор тарапынан өзіндік ғылыми тұжырымдар ұсынылған. Атап айтсақ, жүйелілік, тұлғаға бағытталған, күзіреттілік және ақпараттық-коммуникациялық әдіснамалық тұғырлары негізге алынған. Сыни талдау жұмыстың барлық бөлімдерінде көрініс тапқан. Әсіресе, үшінші бөлімде диссертанттың әдістемесі мен кәсіби даярлау моделін тәжірибеде қолдану, экспериментті ұйымдастыру және алынған нәтижелерге сандық-сапалық тұрғыдан баға беру барысындағы жеке ғылыми көзқарасы айқын байқалады
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары толығымен жаңа болып табылады. Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың теориялық-әдіснамалық негіздері алғаш рет айқындалып, кәсіпкерлікке даярлаудың моделі жасалған. Зерттеу аясында «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» атты таңдау курсы әзірленіп, оқу процесіне енгізілген. Бұл курс шеңберінде кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған оқу-әдістемелік материалдар, практикалық тапсырмалар мен нұсқаулықтар дайындалған. Кәсіпкерлік қызметке даярлау әдістемесі тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізіліп, оның тиімділігі сапалық және сандық деректер арқылы дәлелденген. Зерттеу нәтижелері кәсіби оқытуды ұйымдастырудың жаңа жолдарын көрсетіп, білім беру процесіне енгізуге болатын нақты ғылыми-тәжірибелік шешімдер ұсынады.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорғауға ұсынылған ғылыми нәтижелер мен қағидаттары жаңа болып табылады. Зерттеу жұмысында жүргізілген эксперименттік жұмыс және кәсіби даярлаудың тиімді әдістемесін дәлелдеу негізінде педагогикалық практика барысында бакалавр студенттерінің кәсіпкерлік қызметке бейімділігі, кәсіби әрекеттерді жоспарлау, топпен жұмыс істеу, шешім қабылдау сияқты дағдыларын қалыптастыру деңгейі «Кәсіпкерлік дағдылар күнделігі» негізінде сарапталған. Бұл құрал арқылы студенттердің практикалық даярлық сапасына сандық және сапалық тұрғыдан талдау жасалып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі нақты көрсеткіштермен дәлелденген.

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автордың коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау мәселесін зерттеу барысында ұсынған педагогикалық-әдістемелік және ұйымдастырушылық шешімдері толығымен жаңа болып табылады. Ұсынылған шешімдер ғылыми тұжырымдармен, оқу процесіне енгізілген элективті курс мазмұнымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелерімен және ғылыми жарияланымдармен расталған. Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы екі оқу орнында жүргізілген тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар және оларды оқу үдерісіне енгізуді растайтын екі енгізу актілерімен құжаттық түрде дәлелденген.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеу жұмысында алынған нәтижелер мен тұжырымдар жоғары оқу орындарында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау әдістемесін жетілдіру үшін теориялық және практикалық тұрғыдан құнды болып табылады. Зерттеуде ұсынылған теориялық негіздер, әдіснамалық тұғырлар, қағидалар мен ұстанымдар, сондай-ақ әдістемелік нұсқаулықтар мен практикалық ұсынымдар кәсіби педагогтарды даярлау жүйесінде, жоғары оқу орындарының оқу процесінде және педагогтардың біліктілігін арттыру тәжірибесінде тиімді қолдануға болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар;	Докторант Таш Мехметтің диссертациялық жұмысы бойынша қорғауға шығарған қағидаттарды айтуға болады: 7.1 Қорғауға ұсынылған барлық негізгі қағидаттар дәлелденген. 7.2 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар жаңа. 7.4 Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар қолдану деңгейі кең. 7.5 Зерттеу жұмысының негізгі қағидаттары ҚР БжҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, SciVerse Scopus базасына енген шетелдік басылымында, халықаралық және республикалық конференцияларда жарияланған мақалалармен дәлелденген.

		2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) ия; 2) жоқ.	Әдіснама нақты жазылған, зерттеудің ғылыми негізі ретінде педагог, экономист, әлеуметтік психология және кәсіпкерлік білім беру саласындағы ғалымдардың теориялық және тәжірибелік бірліктеріне негізделген ұстанымдары мен кәсіптік бағыттылық теориясы, кәсіпкерлікке оқытудағы коллаборативтік ортаны ұйымдастыру тұжырымдамасы, білім алушы тұлғаның кәсіпкерлік дағдыларын дамытуда практикалық іс-әрекеттің рөліне сүйенетін әдіснамалық негіздер, сондай-ақ болашақ мамандардың кәсіби қалыптасу үдерісінде кәсіпкерлік құзыреттілікті қалыптастыру теориясы, тұлғалық-бағдарлы оқыту және құндылыққа негізделген оқыту тұжырымдамалары, белсенді оқыту технологиялары мен оқытудағы визуализация теориясы, заманауи білім беру үдерісінде интерактивті құралдарды қолдану ұстанымдары, біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы басшылыққа алынған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері тікелей кәсіпкерлікке кәсіби даярлауды жүзеге асыруға бағытталған. Зерттеу мазмұны кәсіпкерлік білім берудің заманауи талаптарына сәйкес құрылғандықтан, зерттеуші коллаборативтік ортада оқыту әдістерін, белсенді оқыту технологияларын, практикалық дағдыларды қалыптастыруға арналған тиімді тәсілдерді қолдана алған. Зерттеу ғылыми-педагогикалық негіздермен, зерттеу пәніне сәйкес таңдалған әдіс-тәсілдердің нақты қолданысымен, кәсіби даярлау моделін жаңа сипатта ұсынуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезеңдік жоспарымен, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің өзара сәйкестігімен, алынған бастапқы және қорытынды нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістер арқылы дәлелденуімен, тәжірибелік жұмыстың жүйелілігімен және ұсынылып отырған әдістеменің тиімділігімен

		қамтамасыз етілген. Сонымен қатар, бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлауға бағытталған оқу үдерісіне интеграцияланған «Кәсіпкерлік негіздері» элективті курсы мен бағалау құралдарының (мысалы, «Кәсіпкерлік дағдылар күнделігі») енгізілуі зерттеудің практикалық маңызын айқындай түседі. Статистикалық талдау SPSS жүйесінде жүргізілген.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар мен әдістемелік шешімдер жоғары оқу орындары базасында жүзеге асырылған. Зерттеу барысында ұсынылған кәсіби даярлау моделінің тиімділігі Еуразия технологиялық университеті (ЕТУ) мен SDU University (СДУ) студенттерімен жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген. Эксперимент нәтижелері диссертациялық жұмыстың қосымшасында ұсынылған ендіру актілерімен расталған. Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс үш кезеңнен тұрды: бастапқы (диагностикалық), негізгі (қалыптастырушы) және соңғы (бақылау кезеңі). Жұмыс жүйелі түрде жоспарланып жүргізілді. Оқу үдерісіне енгізілген элективті курстың мазмұны мен әдістемелік құрылымы студенттердің кәсіпкерлік құзыреттіліктерін қалыптастыруда жоғары тиімділік көрсетті. Алынған нәтижелер математикалық-статистикалық әдістермен өңделіп, ұсынылған әдістеменің практикалық құндылығын дәлелдеді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды ғылыми мәлімдемелер мен тұжырымдар ҚР-ның нормативтік-құқықтық құжаттары, отандық және шетелдік авторлардың педагогикалық, психологиялық, сөздіктер, анықтамалықтар, энциклопедиялар, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, интернет-ресурстар, халықаралық конференция материалдары мен ғылыми басылымдар, сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған материалдарға сілтеме жасау арқылы дәлелденіп, негізделген.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Ол 170 библиографиялық сипаттамадан тұрады және ғылыми, оқу, мерзімдік, заңнамалық-нормативтік, деректі, статистикалық, электрондық және басқа да

			сенімді дереккөздердің кең ауқымын қамтиды. Бұл тізім зерттеу мәселесінің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жан-жақты қарастырылғанын көрсетеді.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) бар; 2) жоқ.	Зерттеудің теориялық маңыздылығы зерттеудің ғылыми-педагогикалық негіздерімен, зерттеу пәніне сәйкес қарастырылған әдіс-тәсілдердің нақты қолданылуымен, тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың кезең-кезеңімен жоспарлануымен, зерттеу мақсаты мен міндеттерінің өзара сәйкестігімен, алынған бастапқы және соңғы нәтижелердің математикалық-статистикалық әдістер арқылы өңделуімен, ұсынылған әдістеменің тиімділігімен, сондай-ақ кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлауға бағытталған «Кәсіпкерліктің негіздері» элективті курсына оқу үдерісіне енгізумен және оны бағалау мен диагностикалауға арналған құралдарды қолданумен қамтамасыз етілген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы жоғары және алынған нәтижелерді білім беру тәжірибесінде тиімді қолдануға толық мүмкіндік бар. Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орындарында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау үдерісінде, педагогикалық бағыттағы оқу бағдарламалары аясында, элективті курстарды ұйымдастыруда, сонымен қатар кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған оқу-тәжірибелік сабақтар мен тренингтерде қолдануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар <i>толығымен жаңа</i> : 1) Бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды. Бакалавр студенттерінің кәсіпкерлік құзыреттілігін қалыптастыру деңгейін анықтауға арналған диагностикалық құрал әзірленді. Кәсіпкерлікке даярлықты қалыптастыруда жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері негізінде анықталды. Жоғары оқу орындарында бакалавр студенттерін кәсіпкерлік қызметке даярлауға бағытталған элективті курс мазмұны мен әдістемесі ұсынылды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа;	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді. Жұмыстың мазмұнында негізгі

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын рәсімдеу ережелері ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын стандарттарға сай орындалған.
11.	Диссертацияға ескертулер	Диссертацияның жоғары практикалық маңыздылығына қарамастан келесідей кемшіліктерді жөндеуді қажет етеді: 1. Әдістемені коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау бойынша диссертациялық жұмыстың ғылыми аппараты мен мазмұнында стилистикалық қателер кеткен. 2. Модельде ұсынылып отырған педагогикалық шарттар бойынша қарастырса жұмыстың құндылығы арта түсетін еді. 3. Зерттеудің эксперименттік базасы 2 ЖОО-ның базасымен шектеледі, бұл нәтижелерді жалпылау мүмкіндігін азайтады. Зерттеуді басқа білім беру мекемелері мен аймақтарға кеңейту неғұрлым әмбебап тұжырымдар алуға және әзірленген әдістеменің тиімділігінің дәлелін арттыруға мүмкіндік береді. Дегенімен, бұл ескертулер зерттеудің жалпы ғылыми және практикалық құндылығын төмендетпейді.	
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Докторанттың ғылыми мақалалары диссертациялық тақырыппен толық сәйкес келеді, мазмұны жағынан бір-бірімен үйлесімді және зерттеу бағыттарын кешенді түрде қамтиды. Мақалаларда зерттеудің теориялық негіздерімен қатар, практикалық нәтижелері де көрсетілген. Бірқатар жұмыстар ҚР БҒМ БҒСБК тізіміндегі және халықаралық (Scopus) басылымдарда жарияланған, бұл жұмыстың ғылыми деңгейінің жоғары екенін және қорғауға лайық екенін дәлелдейді. Атап айтсақ олар, келесі ғылыми мақалада дәлелденген: 1. Impact of Collaborative Entrepreneurship Education on the Financial Risk Taken by University Students. – Industry and Higher Education (UK), 2022, Vol. 36(6), pp. 695–703. 2. Кәсіпкерлікті оқытуда коллаборативті әдістің тиімділігі. – Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабаршысы. Педагогикалық серия, Алматы, 2022, №1 (53), б. 157–164. 2. Жоғары оқу орындарында кәсіпкерлікке даярлау жолдары. – Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия, Павлодар, 2022, №4, б. 176–185. - Impact of Collaborative Entrepreneurship Education on the Financial Risk Taken by University Students. – Industry and Higher Education, 2022, Vol. 36(6), pp. 695–703. 3. Жоғары оқу орындарында кәсіпкерлікке даярлау жолдары. – Торайғыров университетінің хабаршысы. Педагогикалық серия, Павлодар, 2022, №4, б. 176–185. 4. Студенттермен тәрбие жұмысын жүргізуде педагогикалық бағдарламаның кеңесшісі. – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, Астана, 2022, №2, б. 131–136. 5. Кәсіпкерлікті білім беру арқылы жүзеге асыру. – Халықаралық конференция материалдары, Лондон, 2021, б. 5.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы	Жоғарыда келтірілген негіздерге сүйене отырып, 8D01401 – Кәсіби оқыту педагогтарын дайындау білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған	

Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	«Коллаборативтік орта жағдайында бакалаврларды кәсіпкерлік қызметке кәсіби даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс толық аяқталған зерттеу еңбегі деп есептей келе, оның авторы Таш Мехметке философия докторы (PhD) дәрежесін беруге болады деп санаймын.
------------------------------------	--

Ресми рецензент


М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан университеті,
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор



С. А. Жолдасбекова

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор С. А. Жолдасбекованың қолын растаймын

М.Әуезов атындағы
Ғалым хатшысы




А.Ж.Нуралиева